

**2023 жылға арналған мектепке дейінгі ұйымдардың  
мемлекеттік білім беру тапсырысын  
орналастыру жөніндегі комиссия отырысының  
№ 72 ХАТТАМАСЫ**

**01.12.2023ж.**

Нугертаева Айгуль Бексултановна Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің басшысы, комиссия төрайымы;

Нуралин Нажмиден Муратович Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру секторының меңгерушісі, комиссия төрайымының орынбасары;

Акаева Рауза Кельмановна Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің әдіскері, комиссия хатшысы.

**Комиссия мүшелері:**

Кожаметов Болат Ризаханович «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Нұр-Сұлтан қаласы мен Ақмола облыстық ұйымы» ҚБ Көкшетау қ. филиалының төрағасы (келісім бойынша);

Мукатаев Рамазан Сапарович қалалық мәслихат депутаты (келісім бойынша);

Кариева Алия Кабиболовна Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі бас есепшісінің орынбасары;

Омирзакова Алия Жанакановна Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің әдіскері;

Куркин Юрий Борисович Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің құқық сұрақтары жөніндегі кеңесшісі;

Рыбинцева Светлана Петровна Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің техникалық қадағалау жөніндегі кеңесшісі;

Майбах Андрей Эдвардович Ақмола облысы білім басқармасының бас маманы.

### **Күн тәртібі:**

I. Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі жанындағы «Арай» бөбекжайы» МКҚК мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға қосымша 25 орынға берілген өтініштерді қарау.

### **ТЫҢДАЛДЫ:**

Н.М.Нуралин комиссия мүшелерін Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің жанындағы «Арай» бөбекжайы» МКҚК мемлекеттік білім беру тапсырысын қосымша 25 орынға орналастыруға түскен өтініштермен таныстырды .

### **СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

- Куркин Ю.Б. Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің құқық сұрақтары жөніндегі кеңесшісі;
- Кариева А.К.- Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі бас есепшісінің орынбасары;

### **ШЕШІМ:**

1. Ұсынылған құжаттарды қарастыра келе, комиссия Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің жанындағы «Арай» бөбекжайы» МКҚК мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға арналған Тізбеге енгізу үшін «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға және мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 2022 жылғы (5 желтоқсандағы № 485 өзгерістермен) бұйрығының 13, 14, 15-тармақтарында көрсетілген талаптарға ұсынылған құжаттардың сәйкес келетінін атап өтті.

2. Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі жанындағы «Арай» бөбекжайы» МКҚК мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын 25 орынға, барлығы **265** орынға ұлғайту.

3. Мемлекеттік білім беру тапсырысы **2023 жылғы 04 желтоқсанан** бастап қолданылады.

